

УДК 316.6

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК ТҮРЛЕРІ**

**Ибраимова Айжан Бахтияровна**

[inkar\\_90\\_04@mail.ru](mailto:inkar_90_04@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: Ерментаева Ардах Ризабековна - п.с.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығы туралы 1975 жылғы БҰҰ-ның декларациясында :«мүгедек-ол жүребарды науқастану, жарақат алу, апатқа ұшырау немесе

кемтар болып туу салдарынан адамның мүлдем не уақытша еңбек ету қабілетінен айырылуы» деп көрсетілген.[1]

Елімізде жыл санап мүмкіндігі шектеулі жандардың саны өсуде. Осыған байланысты оларға психологиялық көмек көрсету алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе балалық шақтан ересектікке өтуде тұлғаның барлық аспектілерінің өзгеруі жүретін жеткіншектік кезеңдегі психологиялық көмектің алатын орны зор. Ал сол жеткіншектің мүмкіндігі шектеулі болса ше?

Шетел психологиясы ғалымдарының: Л.С.Выготский, И. В. Кузнецова, Е.Г.Силаева, В.В. Ткачева, А. Васильева, О.В. Большакова және т.б. еңбектерінде мүмкіндігі шектеулі жеткіншектер мәселелері қарастырылады.


Эбат, Питерсон, Конгер (Ebata, Peterson, & Conger, 1900) көрсеткендей, жеткіншектік кезеңде осы жастағы дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, психопатологияға деген көзқарас мыналарды ескеруі тиіс:

- Дамудың нормативті мүмкіндіктері. Жеке адам үшін қауіп факторы немесе қорғаныс механизмі ретінде қызмет етуі мүмкін.
- Әлеуметтік контекст. Жеке адамның дамуы орын алады.
- Индивидуум мен әлеуметтік контекст арасындағы байланысты сипаттайтын динамикалық және транзактілі процестер

Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге психологиялық көмек көрсету-әлеуметтік белсенділікті жоғарылату, өз бетінше әрекет ету дағдыларын дамыту, мүмкіндігі шектеулі жеткіншек тұлғасының әлеуметтік позициясын нығайту, психикалық және физикалық мүмкіншіліктеріне сай ақыл-ой процестерін дамытуға бағытталған оңалту жұмысындағы күрделі жүйе[2].

Психологиялық оңалту жүйесі мыналардан тұрады:

1-сызба



Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге жүргізілетін көмектің тиімді болуы үшін психодиагностикалық тексеру жүргізу қажет. Диагностика кезінде мына принциптерді сақтау маңызды болып саналады:

1. Ис-әрекет принципі-мүмкіндігі шектеулі жеткіншекке қолжетімді қызмет жүргізуге бағытталған.
2. Психологиялық тексеру кезінде алынған ақпараттардың нәтижесінің сапалылығы принципі. Бұл принцип Л.С.Выготскийдің концепциясы негізінде жасалған. Психолог үшін маңыздысы орындалған тесттік тапсырмалардың нәтижесі ғана емес, баланың жұмысқа қабілеттілігі, қалыптасқан дағдыларын жана тапсырмаларды орындау барысында қолдана алу, баланың тапсырмаға қатынасы, оның нәтижесін өзіндік бағалауы болып табылады.
3. Тұлғалық көзқарас принципі, диагностика барысында психолог баладағы жеке сиптомды ғана емес, оның жеке тұлғасын талдайды.
4. Салыстырмалы тәсіл принципі, даму бұзылысын зерттеу барысында психолог жеке баланың психикалық даму ерекшелігін ескеруі қажет.
5. Кешенді тәсіл принципі, баланың психикалық дамуының диагностикасына мүмкіндігі шектеулі баланың даму бұзылыстары негізінде жатқан көптеген факторлардың есебі кіреді: клиникалық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік.

Психодиагностика нәтижелері бойынша:

- психикалық іс-әрекеттің бұзылыстары көрінеді;
- психикалық функциялардың сақталғандығы көрінеді;
- баланың интеллектуалды дамуының әртүрлі кезеңдерінде табысты дамуына ықпал ететін психикалық белсенділіктің ерекшеліктерін бағалау жүргізіледі. [3].

Осы бұзылыстардың негізінде психологиялық көмектің негізгі психологиялық түзету жұмыстары жүргізіледі.

Психологиялық түзету-психологиялық әсер ету әдісінің бірі ретінде психикалық процестер мен қызметтерді белсендендіру және жеке қасиеттердің үйлесімділігін дамытуға бағытталған [4].

Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге жүргізілетін психологиялық түзету мыналарға бағытталады:

- таным үрдістерін дамытуға (есте сақтау, ойлау, зейін, қиял, т.б.);
- эмоционалды аумағын дамытуға;
- сенсорлық қабылдауын дамыту

Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге психологиялық диагностика, түзету жұмыстарымен бірге психологиялық қолдау да өте маңызды. Психологиялық қолдау тек қана жеткіншек тұлғасына бағытталып қоймай, бірінші кезекте науқас бала өсіріп отырған ата-ананың нақ өзіне көрсетіледі. Психолог жеткіншектерді және олардың ата-аналарын психологиялық қолдау жұмысын әр түрлі формаларын қолдана отырып көмек көрсетеді: жеке жұмыс, жеке кеңес беру, топтық тренингтер, әр түрлі іс-шараларға қатыстыру және т.б. [5].

Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге психологиялық кеңес берудің ерекшеліктері әр түрлі объективті және субъективті факторлармен анықталады:

Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектердің топтарының әртүрлілігіне байланысты:

- а) Мүгедектік, балалардың церебральды параличтіне байланысты (БЦП);
- б) Мүгедектік, көруге байланысты (көрмейтін немесе нашар көретін);
- в) Мүгедектік, есту қабілетінің бұзылуына байланысты (естімейтін немесе нашар еститін);
- г) Мүгедектік әр түрлі жарақаттардың салдарына байланысты (қолдан, аяқтан айырылу, құйымшақтың жарақаттануынан қозғалыссыз қалу т.б.).

Мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге жекелей кеңес берудің мынадай түрлері бар:

- біріншіден, медициналық-психологиялық (жеткіншектердің негізгі дефектілерінің негізінде психикалық денсаулықтың бұзылыстарының болуына байланысты);
- екіншіден, педагогикалық-психологиялық (оқу және тәрбие процесі барысында бұл балаларда спецификалық қиындықтар туындауына байланысты);
- үшіншіден, әлеуметтік-психологиялық кеңес беру, мүмкіндігі шектеулі жеткіншекке кіші топтарға қосылумен қатар, аса кең әлеуметтік топтарға қабылдануға көмектеседі;
- төртіншіден, жеке кәсіптік кеңес беру, яғни оқытушының мүмкіндігі шектеулі жеткіншекпен бірігіп жүргізген кәсіптік бағдарлау жұмысының ерекшеліктеріне негізделеді. Кеңес берудің мазмұндық ерекшелігі адам психологтан көмек сұрағысы келетін мәселелердің сипатымен анықталады.

И. В. Кузнецова әдебиеттермен мүмкіндігі шектеулі жеткіншектермен жұмыс тәжірибесін талдай отырып, сұрақтардың үш негізгі типін бөліп көрсетеді (1996) [6]:

- өзара қарым-қатынас туралы сұрақтар: досын, серіктесін, өмір серігін іздеу, маңызды адамдардың мойындауы, түрлі адамдармен өзара әрекеттестікте қорқыныш пен кедергілерді жеңу, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, жанжалдарды еңсеру, ата-аналармен, достармен, педагогтармен және басқа да маңызды тұлғалармен өзара қарым-қатынасты жақсарту, түсіну мен қолдаудың жоқтығына немесе керісінше, шектен тыс қамқорлық және автономия мен дербестіктің шектеулеріне байланысты уайымдарды жеңу;
- оқумен, қызмет және өмір сүру тәсілдерімен, мамандық таңдаумен, өмірлік және кәсіби жолды жоспарлаумен, оқыту қиындықтарын жеңумен, танымдық функцияларды (есте сақтау, зейін, ойлау) дамыту, жеке стратегияны, қызмет тәсілдері мен стилін, оқыту режимін жасау, әлеуметтік және кәсіби қызметті жүзеге асыру жолдары мен нұсқаларын іздеу;

-өзін-өзі тану, өздігінен қарым-қатынас, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі іске асыру мәселелері: толық емес сезімді жеңу, дефектіге бағытталмаған (жойқын) қарым-қатынас, өзіне деген сенімділікті арттыру, өзін тану, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, үрей, реніш, кінә, жалғыздық, өлім қорқынышы, ішкі жайлылық қалыптастыру, өзіндік өмір сүру мәні мен құндылығын іздеу.

Е.Г.Силаеваның ойынша, мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасыларға психологиялық көмек бір уақытта бірнеше бағытта жүргізілуі керек: [7]

1.Мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналар клубы мен қауымдастығын құру.

2. Отбасыларды ақпараттық қамтамасыз ету: арнайы журналдар, жекелеген мақалалар шығару

3.Отбасыларды қолдау көздерін табуға көмектесу (материалдық, әлеуметтік, медициналық, білім беру, рухани)

4.Психологиялық-педагогикалық қолдау.

5. Ата-ана мен қоршаған ортаның бала бойындағы кемшілікті дұрыс қабылдау мәселесін шешу.

В.В. Ткачеваның пікірінше, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылармен психолог жұмысының негізгі мақсаты:[8]

1. Ата-ананы үй жағдайында баламен жұмыс жүргізе алуы үшін арнайы коррекциялық және түзету тәсілдеріне үйрету;

2. Ата-ананы баланың жеке тұлғасын түзетуге қажетті арнайы тәрбие тәсілдеріне үйрету;

3. Ата-ананың ішкі психологиялық жағдайын түзету;

4. Ата-ана мен баланың өзара қатынасын түзету.

А. Васильева былай жазады: «Мүмкіндігі шектеулі баланың психологиясын ең алдымен ата-анасы анықтайды, сондықтан да ата-анамен психологиялық жұмыс өте маңызды. Және мұндағы ең басты міндет-мүмкіндігі шектеулі баласы бар ата-ананың баласына деген қатынасын өзгерту. Ол адамдардың психологиясын жақсы түсіну және ұзақ әрі қиын жұмысқа дайын болу қажет. Бұл жерде жылдам нәтиже күтуге болмайды» [9].

Л.С.Выготский өзінің отбасы туралы зерттеулерінде ата-ана мен баланы бірыңғай диадалық тұтастықтың құрамдас бөлігі ретінде «біртұтас» жүйе деп қарастырған [10]. Яғни, психологиялық көмектің қай түрі болмасын мүмкіндігі шектеулі жеткіншек пен ата-ана қатынасын ескере отырып жүргізгенде ғана тиімді болмақ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://kaztrk.kz/news/portal/mumkindigi-shekteuli-zhandarga-tegin-dari-darmek-negezhetpei-qala-beredi-113802>

2. Ч.Венар, П. Кериг Психопатология развития детей и подросткового возраста, СПб.: Прайм-Еврознак, 2007, -670[2]с.

3. Л.М.Шипицына, И.И Маймайчук Психология детей с нарушениями функций опорно-двигательного аппарата. М.2004. – 368с.

4. И.И.Мамайчук, Психокоррекционные технологии для детей с проблемами в развитии. – СПб.:2006. -400с.

5. Л.Г.Заборина Психологическое сопровождение родителей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями здоровья// Ученые записи ЗабГУ.Сер. Педагогические науки. 2017.Т.12№57с. 121-127

6. Психологическое консультирование подростков-инвалидов / Сост.: И.В. Кузнецова, О.В. Большакова, О.Н. Посысоева и др. Ярославль, 1996.

7. Силаева Е.Г. Семья как развивающая среда для ребенка с ограниченными возможностями. – <http://www.syntone.ru>

8. В.В.ТкачеваК вопросу о создании системы психолого-педагогической помощи семье, воспитывающей ребенка с отклонениями в развитии// 1999. № 3. И.В. Добряков, О.В.

- Защиринская. Психология семьи и больной ребенок. Учебное пособие: Хрестоматия /СПб.: Речь, 2007. – с.118-129.
9. А. Васильева Мой ребенок – инвалид//Газета «Школьный психолог». – №12/2005 - <http://psy.1sep.ru/article.php?ID=200501216>
10. Л.С.Выготский Собрание сочинений: Т.5/под ред.Т.А.Власовой.М.:Педагогика, 1983. 368с.